



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

01.07.2023 № 2-01-23-53325

31.05.2023ж. №ДС-206

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратурада Ертіс өзеніне су жіберу мәселесіне қатысты депутаттық сауалыңыз қаралды.

Павлодар облысының аумағындағы Ертіс өзенінің су-ресурстық әлеуеті тікелей Ертіс су қоймаларының каскадындағы жағдайға (ауа райы жағдайлары, тау өзендерінің бүйірлік ағыны, қар қоры, энергетикалық кешен, бөгеттердің тұтастығы, ағымдағы толымдылық және т.б.) байланысты екені анықталды.

Жайылмалы шалғындардың жеткілікті сулануы (шамамен 70-75%) Шүлбі су қоймасынан 3500 м³/с көлемінде 5 тәулік ішінде судың ең көп шығынын жіберу кезінде орын алады.

Ағымдағы жылы Ертіс су қоймалары каскадынан табиғатты қорғау су жіберуі 2023 жылғы 13 сәуірдегі Экология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) жанындағы Ертіс су қоймалары каскадының су ресурстарын пайдалану жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының шешімі бойынша 16 сәуірден 8 мамырға дейін жүргізілген.

Анықтама ретінде: Су кодексінің 57-бабына сәйкес табиғат қорғау су жіберуі су объектісінің табиғи жағдайының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең төменгі шығысты сақтаудан басқа, табиғат қорғау су жіберуі су жайылуы мен су тасуы кезінде су объектілерінің кезеңдік шайылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Министрліктің мәліметіне сәйкес табиғат қорғау су жіберудің бекітілген жоспарлы көлемі 4,59 км³ құраған.

Сонымен бірге, «Қазгидромет» РМК ұсынған 2023 жылғы вегетациялық кезеңге арналған өзендердің, суармал аймақтың ылғал қорлары мен суының жинақталуы туралы болжамдарға сай 2-тоқсанда көктемгі ағынның қалыптасу шарттары мен Бұқтырма және Шүлбі су қоймалары аймағының өзендерінің сулылығы нормадан төмен (Бұқтырма су қоймасы 2% - ға, Шүлбі су қоймасы 14% - ға) күтілген.

Осыған байланысты және көктемгі су тасқыны кезеңінде Үлбі мен Уба өзендеріндегі судың төмен ағынын ескере отырып, Ведомствоаралық комиссия Шүлбі су қоймасының пайдалы көлемін және бүйірлік ағын ағынының көлемін пайдалану және сол арқылы Бұқтырма су қоймасындағы су көлемін сақтау және толықтыру туралы шешім қабылдаған.

Көрсетілген мән-жайларды ескеріп, су жіберу қорытындысы бойынша суды ағызудың нақты көлемі 4,10 км³ құраған, ал судың максималды шығыны 2 тәулік ішінде 2800 м³/с көлемінде болған.

Нәтижесінде Ертіс өзенінің жайылмасын су басу алаңы небәрі 108,6 мың га немесе 32% құраған.

Сонымен қатар, қыс мезгілінде өзендерде мұз қатқандықтан елді мекендерді су басу қаупі орын алуына байланысты су қоймаларынан суды жоғары деңгейде босату орын алмаған.

Анықтама ретінде: 1 желтоқсаннан 1 наурызға дейінгі аралықта (90 күн) 2021-2023 жылдары орташа есеппен Бұқтырма су қоймасына судың босату көлемі орташа есеппен алғанда 550 м³/с құраған болса, Өскемен су қоймасында 540 м³/с.

Су тасқынына қарсы іс-шаралар жөніндегі республикалық комиссияның шешімдерінің орындалмауына қатысты келесіні хабарлаймыз.

Төтенше жағдайлар министрлігі жанындағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі – ВМК) құзыретіне су қоймаларында су жіберу көлемін айқындау кірмейтіні анықталды.

Анықтама ретінде: «Азаматтық қорғау туралы» Заңның 7-бабының 4-тармағына сәйкес төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері: 1) азаматтық қорғауды дамытудың және одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары; 2) азаматтық қорғау саласында құқықтық, экономикалық, ұйымдық-техникалық және өзге де шаралар жүйесін қалыптастыру; 3) азаматтық қорғаудың күштері мен құралдарын құру және дамыту; 4) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, авариялар, апаттар, дүлей және өзге де зілзалалар салдарынан зардап шеккен азаматтарды, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен олардың салдарларын жоюға қатысқан адамдарды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғау, медициналық оңалту мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Су жіберудің көлемін (табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық) уәкілетті органның ведомствосы және бассейндік инспекциялар су объектілері бассейндері бойынша белгілейді (Су кодексінің 57-бабының 4-тармағы).

Б. Асыллов